



LRT ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



БИЗНЕС БЕРЕКЕЛІ БОЛА МА?

5-БЕТ | САРАПТАМА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗАҚСТАН ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ АЯСЫНДАҒЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚТЫ ОДАН ӘРІ ДАМУҒА НИЕТТІ. БҰЛ ОДАҚ ӨТЕ ПЕРСПЕКТИВТІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМ ДЕП САНАЙМЫЗ. ОДАҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ЗОР. ҚАЗАҚСТАН ЕАЭО-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ БӘРІ ОСЫ ЖЕРДЕ 2015 ЖЫЛЫ ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН ШАРТТЫ ҚАТАҢ САҚТАП, ТЕК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ, САУДА-САТТЫҚТЫ ДАМУҒА, ӨЗАРА ТАУАР АЛМАСУ БАҒЫТЫНДА ҒАНА ЕЛДЕРІМІЗДІҢ НАРЫҒЫН АШУ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН АЙНАЛЫСУҒА ТИІС.

№114
(4547)
Сейсенбі
26 қыркүйек
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҮЗДІК ҚАЛАЛАР ҚАТАРЫНДА

Қазақстанның Ұлттық экономика министрлігі «Ашық НҚА» порталына «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне Астананы дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңы жобасының реттеуші саясатының консультативтік құжатын жариялады.

Құжатта Астана қаласын халықаралық рейтингтерде «Әлемнің үздік қалаларының» бірінші елулігіне енгізу жоспары енгізілген. Күннен-күнге көркейіп, дамып, өркендеп келе жатқан Астана осы уақытқа дейін үш негізгі халықаралық рейтингтің бірде-біріне ене алмай келеді. Осыған орай Астананы 2050 жылға қарай әлемнің үздік 50 қаласының қатарына қосу көзделіп отыр. Ресми мәлімет бойынша қазір Астанада 2 миллион 400 мың адам тұрады. Жыл сайын қалада шамамен 1 миллион 700 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі.

Resonance халықаралық консалтингтік компаниясы түзетін The World's 100 Best Cities рейтингінде қалалардың туристік тартымдылығы, өмір сүру, жұмыс істеу және бизнес жүргізуге жайлылығы назарға алынады.



ОТБАСЫ – БАҚЫТ МЕКЕНІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында «Еліміздің болашағы отбасында қалыптасады. Ал отбасы бақытты болса, еліміздің келешегі де жарқын болады. Мемлекеттің ең басты байлығы – адам, яғни азаматтар. Бұл – анық нәрсе. Десек те, ата-аналар баланы, ең алдымен, мемлекет, Үкімет не қоғам үшін емес, өзі үшін дүниеге әкеледі. Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс» деп отбасылық институтты дамытудың маңыздылығын атап өтті. Бүгінгі таңда елімізде Отбасы күні аталып өтіледі. Астанада Отбасы күніне арналып өткізілген тағылымды іс-шараның бірі үздік жас отбасылар байқауы болды.



2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеке куәлік пен төлқұжат алатын қазақстандықтар саусақ ізін тапсыруға міндеттеледі. Одан бас тартқан жағдайда айыппұл салынады.

«Елімізде 12 жасқа дейінгі балалардан басқа, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары және Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктер дактилоскопиялық тіркеуге жатады. Ал 12 жасан 16 жасқа дейінгі балалар дактилоскопиялық тіркеуден ерікті негізде өтеді. Саусақ іздерін алу Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жеке куәлікті, төлқұжатты, шетелдіктің елде тұруға ықтиярхатты және азаматтығы жоқ адамның куәлікті ресімдеуі кезінде жүргізіледі» деп түсіндірді Ішкі істер министрлігінде өткен брифингте Көші-қон қызметі комитетінің аға инспекторы Нұржан Жанабаев.



Астанадан шығатын бірқатар бағыттағы пойыз билеттеріне жеңілдік беріледі. «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы теміржол билеттеріне күзгі жеңілдіктер жарияланатынын мәлім етті.

Атап айтқанда, «Тальго» пойыздарының үш бағытына күз мезгіліне арналған жеңілдіктер енгізіледі, жеңілдіктер осы жылдың 18 қыркүйегінен 26 қазаны және 6 қарашасынан 7 желтоқсаны аралығында болады.

Жеңілдіктер мына маршруттарға беріледі:
-20% жеңілдік – №79/80 «Астана – Арқалық» бағытына;
-30% жеңілдік – №81/82 «Астана – Қостанай» бағытына;
-40% жеңілдік – №65/66 «Астана – Жезқазған» бағытына.
Жеңілдіктер туралы қосымша ақпаратты тегін «1433» нөмірінен және «KTZH_PP_BOT» телеграм-бот арқылы алуға болады.



«ЕЛ ЖҮРЕГІ ЕЛОРДА»

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫ

ӨТІНІМДЕР 5 ҚЫРКҮЙЕК ПЕН 15 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА ҚАБЫЛДАНАДЫ.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 505.52 \$ USD/KZT 475.25 ₸ RUB/KZT 4.95 ¥ CNY/KZT 65.08

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҮШ ЕЛДІҢ ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей, Беларусь және Қырғызстан үкіметтерінің басшыларына ілтисат білдіре отырып, қазақ жерінде тұңғыш рет өткізіліп жатқан халықаралық «Иннопром. Қазақстан» өнеркәсіп көрмесіне қолдау көрсеткені үшін оларға ризашылық білдірді.

– Сіздердің арнайы келгендеріңіз көрменің мәртебесін арттырғаны сөзсіз және тағы сауда-экономикалық қатынастарымызды тағы бір рет дәлелдеді. Бүгінде аталған іс-шара тұрақты іскерлік алаңға айналып келеді. Бұл – қуанышты жайт. Көрме аясында әлеуетті серіктестер мен инвесторлар елдеріміздің индустриялық секторының жетістіктерімен жақынырақ танысады, сондай-ақ өзара тиімді жобаларды іске асыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, өнеркәсіп, энергетика, машина жасау, ауыл шаруашылығы және экономиканың басқа да салаларында бірлескен кәсіпорындар мен ірі жобалар саны артып келеді. Бұл Одаққа мүше елдердің сыртқы сауда көлемінің үздіксіз ұлғайып, биылғы бірінші жартыжылдықта 13 пайызға жеткенінен байқалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасында сауда, инвестиция және өнеркәсіп салалары бойынша қарым-қатынас қарқыны жоғары екенін айтты.

– Ресей компаниялары Қазақстанға тұрақты түрде инвестиция салып отырған бес негізгі елдің қатарына кіреді. Бүгінде Ресеймен бірлесіп, жалпы сомасы 16,5 миллиард доллар болатын 40 ірі жобаны жүзеге асырып жатырмыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Беларусьпен арадағы қарым-қатынас туралы айта

келе, ауыл шаруашылығы техникасын шығару және машина жасау салаларындағы тәжірибені оң бағалады. Бұл бағыттағы жобалардың жалпы құны – шамамен 180 миллион доллар. Сонымен қатар Қазақстан Президенті Қырғыз Республикасымен арадағы байланыстарымыздың тұрақты дамып келе жатқанына, өзара сауда-саттық қарқыны жоғары екеніне назар аударды.

– Жеті айда екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 13 пайызға өсті. Қазақ-қырғыз шекарасында Индустриялық сауда-логистикалық кешен салудың келешегі зор, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент үкіметтер басшыларына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер ынтымақтастықты айтарлықтай нығайту үшін мол әлеуетке ие, сондықтан оны ілгерілету мақсатында барлық мүмкіндікті белсенді пайдаланған жөн деп пікір білдірді.

– Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниетті. Бұл Одақ өте перспективті интеграциялық ұйым деп санаймыз. Одақтың экономикалық әлеуетінің мүмкіндіктері зор. Қазақстан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бәрі осы жерде 2015 жылы қол қойылған шартты қатаң сақтап, тек экономикалық интеграция, сауда-саттықты дамыту, өзара тауар алмасу бағытында ғана елдеріміздің нарығын ашу мәселелерімен айналысуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сауда-экономикалық кооперацияның тиімділігі көлік-транзит әлеуетін ашудың тиімді жолына, сондықтан көлік қатынастарының мүмкіндіктерін дәйекті түрде дамыту керек деп санайды. Президент Иранға, Парсы шығанағына және Үндістанға шығуға мүмкіндік беретін Солтүстік – Оңтүстік транзит дәлізінің, Қазақстан – Түрікменстан – Иран теміржолының, Батыс Еуропа – Батыс Қытай бағытының мүмкіндіктері жөнінде айтты. Сонымен қатар Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің әлеуетіне баса мән берді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің өнеркәсіп саласындағы ықпалдастығын дамыту маңызды екеніне тоқталды. Сондай-ақ биыл мамыр айында өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысында өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру кезінде кооперацияға қаржылай көмек көрсету туралы құжатқа қол қойылғанын еске салды. Президенттің айтуынша, бұл механизм бірлескен жаңа өндіріс орындарын ашуға тың серпін береді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев көрмені ұйымдастыруға белсенді атсалысқаны үшін үкіметтер басшыларына тағы да алғыс айтты. Сондай-ақ олардың жұмысына табыс, ал елдеріміздің игілігіне қызмет ететін жаңа бірлескен жобалардың көбеюіне тілектестік білдірді.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының және жеке өз атынан Қос киенің сақшысы Король Салман бен Әбделазиз Әл Саудты Сауд Арабиясының Ұлттық күнімен құттықтап, жеделхат жолдады.

«Бүгінде еліңіз – саяси тұрғыда іргесі берік, экономикасы тұрақты, Таяу Шығыстағы үлгі тұтар мемлекет, сондай-ақ халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесі. Алдағы уақытта Сіздің

басшылығыңызбен Корольдіктің дамуы баянды, мерейі әрқашан үстем болуына тілектеспін» деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы Қазақстанның Шығыс

нақтағы сенімді серіктесі екенін атап өтіп, екі ел арасындағы достық пен жоғары деңгейдегі саяси диалогқа негізделген қарым-қатынастар одан әрі нығай беретініне сенім білдірді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМДА СӨЗ СӨЙЛЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 28-29 қыркүйек күндері Германия Федеративтік Республикасына ресми сапармен барады.

Бұл туралы Ақорданың телеграм-арнасы ақпарат таратты. Қасым-Жомарт Тоқаев Берлинде Федералдық Канцлер Олаф Шольцпен және Федералдық Президент Франк-Вальтер Штайн

майермен келіссөз жүргізеді. Сонымен қатар Президент Орталық Азия және Германия мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысады деп жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, сапар

аясында Мемлекет басшысы халықаралық Berlin Global Dialogue форумында сөз сөйлейді және Германияның іскерлік қоғамдастығы өкілдерімен бірқатар кездесу өткізеді.

ӨНЕРКӘСІП КӨРМЕСІ ӨТІП ЖАТЫР

Кеше Астанада алғаш рет «Innoprom.Qazaqstan» өнеркәсіп көрмесі басталды. Мұнда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің өндірістік жетістіктері ұсынылды.

Индира БЕРЖАНОВА

Көрменің бірінші күні «Жаңа кезеңнің өнеркәсіптік стратегиялары» атты пленарлық сессиясы өтті. Оған Премьер-министр Әлихан Смайылов, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек және Ресей, Беларусь, Қырғызстан Үкіметтерінің басшылары қатысып, жиын барысында жаһандық нарықты дамытудың өзекті мәселелерін сөз етті.

Көрмеге қатысуға көлік, ауыл шаруашылығы, энергетика, станок жасау, химия өнеркәсібі, металлургия, өнеркәсіптік IT және тағы басқа салалардан 18 елдің 300-ден астам компаниясы өтінім берді. Көрмеде Қазақстан, Беларусь, Армения, Қырғызстан, Ресей Федерациясы және тағы басқа

елдердің негізгі өнеркәсіптік компанияларының ұлттық экспозициялары орналастырылды.

Осылайша әлемнің түкпір-түкпірінен келген бизнес өкілдері, өндірушілер мен кәсіпкерлер елордада бас қосты.

Премьер-министр Әлихан Смайылов өз сөзінде Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен тауар айналымы өткен жылы 29,4 млрд долларды құрап, 10,4 пайызға артқанын айтты.

«Бұл – рекордтық көрсеткіш. Биыл 6 айдың ішінде еліміздің тауар айналымы 14 млрд долларға дейін жетті. Жалпы, соңғы 5 жылда республиканың өңдеу өнеркәсібіндегі өнім көлемі 2,2 есеге – 2017 жылғы 9,4 трлн теңгеден 2022 жылғы 20,7 трлн теңгеге дейін өсті» деді Ә.Смайылов.

Аталған іс-шараны алғаш

рет өткізіп отырған Қазақстан 2019 жылдан бері «Иннопромының» тұрақты қатысушысы болып келеді, ал өткен жылы көрменің серіктес елі ретінде өз өнімдерін ұсынды. Көрменің негізгі мақсаты – өндірістік кооперацияны дамыту, инвестиция тарту, сауда ынтымақтастығын кеңейту және өзара тәжірибе алмасу. Іс-шара барысында Үкімет басшылары «Railways Systems KZ» ЖШС, «TransTechMash» компаниялар тобы, «ТКШ ҚазОрталығы», «Қазақстан инжиниринг» компаниясының өнімдерімен танысты.

Көрменің орталығында орын телкен Қазақстанның 8 павильонында отандық кәсіпорындардың жобалары көпшілікке ұсынылды.


Үш күнге ұйымдастырылған халықаралық көрме 27 қыркүйекке дейін жалғасады.



ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Армения Сыртқы істер министрлігі БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында Таулы Қарабақта БҰҰ-ның миссиясын жіберуді өтінді.

Бұл миссия ыстық нүктедегі адам құқықтарының қорғалуын, гуманитарлық ахуалды және қауіпсіздікті тексеруі тиіс дейді құзырлы ведомство. Армян тарапы Таулы Қарабақтағы жүздеген адамның тағдыры айқындалмай отырғанына алаңдайды. Ал Әзербайжан тарапы өңірде кәмпескеленген қару-жарақты көрсетті.



Жойқын су тасқыны Үндістандағы 2,5 млн халқы бар Нагпур қаласын бірнеше сағатта-ақ талқандап өтті.

Тоқтамай жауған жауыннан жергілікті өзен деңгейі күрт көтеріліп, арнасынан шығып кеткен. Әзірге зардап шеккендер туралы ресми деректер айтылған жоқ. Оқиға орнында іздеу-құтқару жұмыстары басталды. Куәгерлер әлеуметтік желіге аударылып қалған көліктер мен тамырымен жұлынып жатқан ағаштардың видеосын салып, апаттың қаншалықты жойқын болғанын көрсетіп жатыр.



Швеция астанасында елдің НАТО-ға қосылуына қарсы наразылық шарасы өтті.

Адамдар биліктен одаққа кіруден бас тартуды талап етіп отыр. Шараны ұйымдастырушылар мемлекеттің бейтараптық мәртебесін өзгертіп, НАТО-ға ұмтылуы қауіпті дейді. «Себебі бұл қорғаныс альянсы – АҚШ мүддесінің жетегіндегі ұйым. Келешекте ел аумағына ядролық қару орналастырылып, қарсылас елдердің нысанына айналуы мүмкін» деп санайды.

БАТЫРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



оның есімі берілген әскери колледждің бүкіл жеке құрамы сап түзеді. Батырды құрметтеуге келгендер ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Бір минут үнсіздіктен кейін Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов сөз сөйледі. Ол Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрінің жауынгерлік жолы аңызға толы екенін, қазақ халқының батыр ұлы мемлекетке және болашақ ұрпаққа қызмет етудің, ерлік пен жауынгер абыройының, ар-намыс пен адамгершіліктің үлгісі болғанын атап өтті.

«Сағадат Нұрмағамбетов Қарулы күштерді құруға, оны қалыптастыруға және дамытуға баға жетпес үлес қосты, әскерді жаңа жетістіктерге жеткізді. Халық қаһарманының өмір жолы, ерлігі мен табандылығы қазақстандық Отан қорғаушылар үшін ғибрат аларлық дүние. Батырдың есімі халық жадында мәңгі сақталады. Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов салған даңқты жауынгерлік дәстүр жалғасады деп сенемін» деді С.Камалетдинов.

Бас қалада әскери колледжде еліміздің бірінші Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

Салтанатты рәсімге генералдар, офицерлер, сержанттар, кадеттер, ұландар, сондай-ақ ардагерлер мен басқа да қонақтар қатысты. 1945 жылы даңқы жер жарып, аты аңызға айналған генерал бюстінің жанына

ДЕПУТАТТАР СЕНБІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ



Астана қалалық мәслихатының депутаттары өткен сенбіде 10 мың астаналықтармен бірге сенбілікке қатысты. Сенбілік елордадағы «Жасыл Астана» экологиялық акциясы аясында өтіп жатыр. Бұл күні 1240 түп тал-ағаш егілді. Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов бұрыннан келе жатқан ізгі дәстүрдің тазалық, мәдениет үшін орны айрықша екенін айтады.

«Бұл – бұрыннан келе жатқан жақсы дәстүр. Коммуналдық сенбілік аясында 1240 жасыл желек отырғызылып, саябақтар мен скверлер жиналды. Кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері өз аумақтарын тазалау және көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан бойынша 2 миллиард түп көшет отырғызу туралы бастама ұсынды. Игі шараға

қала тұрғындарымен бірге мәслихат депутаттары, аудандық әкімдіктер, коммуналдық кәсіпорындар, тұрғындар, студенттер, еріктілер, экоактивисттер мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері белсенді қатысып, өз үлесін қосты» деп жазды сенбілік туралы Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Ол «Жасыл Астана» дәстүрлі экологиялық айлығы 15 қазанға дейін

жалғасатынын айтты. «Әр қазақстандықтың «атадан мал қалғанша, тал қалсын» дейтін бабалар өсиетінен өнеге алып, осындай іс-шараларға белсенді қатысқаны абзал. Қоршаған ортаны қорғап, көшет отырғызудың келер ұрпақ үшін де үлгілі іс екені сөзсіз. Ендеше күн санап көркейіп, құлпырып келе жатқан елордамыздың жасыл желекті шаһарға айналуына бәріміз атсалысайық!» деді мәслихат төрағасы.

ҚАСАҚАНА БҮЛДІРГЕНДЕР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Астаналық полицейлер қала мүлкін қасақана бүлдірген азаматтарды жауапқа тартты.


«102» арнасына Бөгенбай батыр даңғылындағы «Қолос» аялдамасының әйнегін белгісіз біреу сындырып кеткені туралы хабарлама келіп түскен. Түскен ақпарат бойынша мән-жайды анықтауға жұмылған полиция инспекторлары бұзақылыққа күдікті ретінде 29 жастағы елорда тұрғынын ұстады. Күдіктіге қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 147-

1 бабы (Бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру) бойынша әкімшілік іс қозғалды. Материал шешім қабылдау үшін мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотқа жолданды. Сондай-ақ Сауран көшесінде белгісіз біреу үй маңына тұрмыстық қоқыстарды шашып кеткені туралы да ақпарат түскен. Бұл оқиғаға қатысты 34 жастағы азамат

күдікті ретінде ұсталды. Оның кім екені анықталып, медициналық сараптаманың қорытындысына сәйкес ол бұзақылық жасаған кезде мас күйінде болғаны анықталған. Ер адам ҚР ӘҚБтК-нің 440-бабы, 3-бөлімі (Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масан күйде келу) және 434 бабының 1-бөлімі (Ұсақ бұзақылық) бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сот қаулысымен ол 5 тәулікке әкімшілік қамаққа алу түріндегі жауапкершілікке тартылды.

Ресейде коронавирус жұқтырғандар саны 6 апта бойы көбейген үстіне көбейіп барады.

Өткен жетіде 50 пайызға артқан. Ал ауруханаға түскендер қатары 20 пайызға ұлғайды. Бұл – індетпен күрес жөніндегі жергілікті оперативті штабтың мәліметі. Дәрігерлердің айтуынша, аурудың өршуіне омикронның эрис және пирола деп аталатын нұсқаларының таралуы себеп. Мәскеуде науқастардың көбеюіне байланысты Сокольникидегі дала госпиталі қайта іске қосылды. Мың адамдық бұл уақытша емдеу орны 2020 жылы құрылған.



АҚШ президенті Джо Байден Украинаға әскери көмектің жаңа пакетін мақұлдады.

Украина көп ұзамай әуеге қарсы қорғаныс, қару және артиллерия құралдарын алады. Бұл жаңалық Ақ үйдегі Джо Байден мен Владимир Зеленскийдің кездесуінде мәлім болды. Алайда АҚШ президентін қатты сынға алып жүрген республикашылдар көмек пакетін бергізбеуге күш салары анық. Д.Байдено «ізгілік бәрібір жеңеді» дегенді айтты.

Қаламызда дәстүрлі отбасылық институтты насихаттау, отбасы құндылықтарын түсіндіру, отбасылық қатынастарды нығайту бойынша әлеуметтік желідегі отбасылық байқаудың марапаттау рәсімі өтті. Бұл туралы қалалық әкімдіктің ресми сайты хабарлады.

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ



Марапаттау рәсімі «Жаңа» отбасы институтын қолдау орталығында өтті. Іс-шара Жастар саясаты мәселелері басқармасы қолға алған «Отбасы – бақыт мекені» неке және отбасы институтын нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешені аясында ұйымдастырылды. Отбасылық эстафетаға 35 жасқа дейінгі елордалық жас отбасылардан 50-ден аса өтінім түсті. Жеңіске жеткен үздік 20 жеңімпаз отбасы мыналар: Әбдідин, Айтпаев, Әселбеков, Әбдірайым, Есенханұлы, Жақсымбет, Жүнісбаев, Құлмырзаев, Қайрат, Қайыртаев, Мәдениет, Нұралин, Нұрғалиев, Паизов, Садықов, Срайыл, Сүлеймен, Тілегенов, Құрметбек, Юсупов. Бұл отбасыларға ақшалай қаражат, диплом, арнайы гүл шоқтары мен мүсіншелер тапсырылды.

Әлеуметтік желідегі отбасылық байқау жеңімпаздарын марапаттау салтанатына: Қазақстан Республика-

сы Парламенті Мәжілісінің депутаты Марат Башимов, Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі, «Бақытты отбасы» республикалық оқу орталығының басшысы Ырза Тұрсынзада, Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының Жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің басшысы Ажар Сарғубенова қатысты.

Алдағы уақытты «Отбасы – бақыт мекені» неке және отбасы институтын нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешенінде жас отбасылар арасында мәдениет, ұлттық дәстүрлер мен адамгершілік құндылықтар негізінде неке және отбасы институтын нығайтуға бағытталған «Үздік жас отбасы» конкурсына қатысу мүмкіндігіне ие болады. Белсенді жас отбасылар жоба соңында бағалы және пайдалы сыйлықтармен марапатталады.

ТЕҢІЗ ЖАНУАРЛАРЫН ӨСІРУ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Елордада Аквариум бойынша I Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Онда Еуразиялық Океанариумдар қауымдастығын құру туралы бірегей бастама айтылды. Іс-шара мамандардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын тудырды, онда теңіз өмірін жасанды ортада тасымалдау, күтіп ұстау және сақтау мәселелері талқыланды.



Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқарма басшысының орынбасары Қуаныш Сапаров ашып, астаналық океанариумды 20 жылдығымен құттықтады. Әрі кешеннің туристік бағыттағы маңызына тоқталды.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Ailand Astana» ЖШС халықаралық конференцияға ұйытқы болды. Ғалыми іс-шараның мақсаты – жасанды жағдайда теңіз және тұщы су гидробионттарын зерттеу, сақтау және өсіру саласында тәжірибе алмасу.

– 2003 жылы біз ТМД аумағында салынған алғашқы аквариум болдық. Болашақта, көрші елдерде аквариумдар пайда болған кезде, олардың мамандары бізге келді, бізден оқыды. Біздің жетістіктерімізге тәжірибе жинадық, егер біздің қателіктеріміз болса, біз оларды бірге талдадық. Бізге Ресейден де, Ташкенттен де, Оңтүстік Кореядан да келдік, – деді «Ailand Astana» ЖШС директоры Арман Маханов.

Бұл кешен Гиннестің рекордтар

кітабына мұхиттан ең қашықта орналасқан нысан ретінде енді.

Конференцияда талқыланған негізгі мәселелердің бірі – Еуразиялық Океанариумдар қауымдастығын құру идеясы болды. Аквариум директоры Арман Махановтың айтуынша, қолданыстағы Еуро-Азиялық хайуанаттар бағы мен Аквариум қауымдастығы негізінен хайуанаттар бағына бағытталған және аквариум саласындағы мамандандырылған қауымдастық әлі жоқ.

Конференцияда «Ailand Astana» мамандары тікелей мұхиттан алыс жағдайларда теңіз экожүйелерін құру мен дамытудағы бірегей тәжірибелерімен бөлісті.

«Ailand Astana» аквариумының жалпы су көлемі 3000 тонна теңіз және тұщы судан асады. Мұнда 2000-нан астам теңіз және тұщы су гидробионттары бар, сонымен қатар келушілерге су астындағы өмірдің таңғажайып әлеміне енуге мүмкіндік беретін тақырыптық аймақтар бар.

№114 (4547) 26/09/2023 Сейсенбі

LRT ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

Астанада жеңіл рельсті көлік құрылысы қызу жүріп жатыр. Қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының хабарлауынша, LRT станциялары қауіпсіздік пен қолжетімділіктің барлық талаптарын ескере отырып салынууда.



Қалада құрылыс жұмыстары қайта жанданды. Бүгінде темір бағаналар орнатылып, инженерлік желілер толықтай жүргізіліп жатыр. Елордадағы LRT құрылысы 2025 жылға дейін аяқталады деп жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту жөніндегі кеңесте шаһар басшысына бірқатар тапсырма жүктеді. Олардың бірі әрі негізгісі – жыр болған жеңіл рельсті транспорт жобасын жүзеге асыру. Президент тұрғындарға берілген уәдені орындау керектігін айтты. Осыған орай, қала әкімі бұл бағытта жұмыстың жүріп жатқанын жеткізген болатын.

– Қазір жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Құрылысты жандандыру мақсатында, өткен жылы Үкімет қаржының алғашқы бөлігін бөлді. Бүгінгі таңда бірінші кезеңді аяқтауға күш салынып отыр. Жобаны толықанды бітіру үшін 2 жыл уақыт қажет, – деді Жеңіс Қасымбек.

Астанада жеңіл рельсті көлікте 18 станция болады, олардың әрқайсысы барлық қажетті заттармен жабдықталады. Бұл жөнінде Астана әкімдігінің Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы хабарлады. LRT станциялары қауіпсіздік пен қолжетімділіктің барлық талаптарын ескере отырып салынууда.

– Станцияларда билеттерді сатып алуға арналған аймақтар, соның ішінде автоматтандырылған жүйелер, сауда алаңдары мен дәретханалары бар қуту залдары, сондай-ақ адамдардың қауіпті жерлерге шығуын болдырмау жүйелері

болады, – делінген баспасөз хабарламасында.

Станцияға эскалатормен, сондай-ақ лифтпен көтерілуге болады. Лифттер бірінші кезекте мобильділігі төмен азаматтарға арналып салынады. Сонымен қатар, станцияға кіру үшін Қабанбай батыр даңғылы бойынша 10 жерасты жаяу жүргіншілер өткелін және Сығанақ пен Қалдаяқов көшелерінде жеті жерүсті өткелін салу көзделген.

Қазіргі кезде Астанада LRT желісінің жобасын іске асыру аясында Сығанақ көшесінің бойында Сауран көшесі мен Ақмешіт көшесінің қиылыстарында монолитті темірбетон балкалары орнату жұмысы жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты, 25 тамыздан бастап Сығанақ көшесінің бойымен, нақтырақ айтқанда, Қабанбай батыр даңғылынан Түркістан көшесіне дейінгі (оңтүстік жағы) қозғалыс толығымен тоқтатылып, Сығанақ көшесінің бойымен Түркістан көшесінен Қабанбай батыр даңғылына дейінгі аралықта (солтүстік жағы) қозғалысқа ішінара шектеу (екі жолақ) енгізілген болатын. Сығанақ көшесіндегі құрылыс жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 30 қарашаға дейін жабылғанын айта келе, «City Transportation Systems» ЖШС басқарма басшысы Ғани Тажиев бүгінгі таңда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Мүмкіндікті пайдалана отырып, келтірілген қолайсыздықтар үшін қала тұрғындарынан кешірім сұраймыз. Бұл көше Түркістаннан «Номад» ТК-не дейінгі аралықтағы оңтүстік жағынан уақытша

жабылды. Бүгінгі таңда бұл аумақта қарқынды жұмыс жүргізілуде, мұнда көріп отырғаныңыздай, тірек пен монолитті бөлік толығымен құйылады. Біз екі учаскеде, Сығанақ пен Ақмешіт көшелерінде уақытша конструкция жасадық. Енді Сауран мен Сығанақ көшелерінде жұмыстар жалғасады. Бұл учаскедегі жұмыстарды жоспар бойынша қараша айының соңына дейін аяқтаймыз. Қазіргі уақытта әуежайдан «Нұрлы жол» жаңа теміржол вокзалының барлық бағыты бойынша учаскелер бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр, – деді Ғани Тажиев.

Басқарма басшысының айтуынша, бүгінгі таңда бұл жерде шамамен 1 300 адам жұмыс істеуде. LRT желісінің жобасын іске асыру аясында олар жылдың барлық мезгілінде, тіпті ауа райы -10 градусқа дейін төмендегенше жұмысты тоқтатпайды. Өйткені 2024 жылдың соңына дейін алғашқы іске қосу кешенін аяқтауға тиіс.

– Жалпы, кез келген дамыған елдердің қалалары мен астаналарында көліктің баламалы түрі болуы керек. Қазіргі уақытта Астанада бұл тек автобус тасымалымен жүзеге асырылады. Жоспар бойынша 2024 жылдың соңына дейін біз бірінші қабылдау кешенін аяқтаймыз. 2025 жылы сынақ режимінде біз бірінші іске қосу кешенін іске қосамыз, ал 2026 жылдың соңына дейін, әрине, уақтылы қаржыландыру болған жағдайда екінші іске қосу кешенін іске қосатын боламыз.

Жалпы 18 аялдаманың 8-і бірінші кезеңде қолданысқа беріледі. Жүздеп пойыздың жылдамдығы сағатына 80 шақы-

рым, басқару жүйесі толығымен автоматтандырылған. Ондағы жолаушылар ағыны 25 мың адамға дейін жеткізілмек. Бәрі қаржыландыруға байланысты. Ақша уақытымен түсіп тұрса, жұмыс та уақтылы аяқталады, – деді басқарма басшысы.

Осылайша, құрылыс жұмыстары екі кезеңге бөлінген. Бірінші кезеңде 18 аялдаманың тек сегізін қолданысқа беріліп, бес метрополитен пойызы сынақтан өтеді. Вагондарға жүк тиеліп, олардың жарамдылығы тексеріледі. Ол 2024 ауданында және Нұрлы жол вокзалында болады. Олар Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайында; Қабанбай батыр даңғылындағы айналма жолда; MEGA Silk Way COO ауданында; Ботаникалық бақтың жанында; Сығанақ көшесінің басында; Abu Dhabi Plaza жанында; Ұлттық музей ауданында және Нұрлы жол вокзалында болады.

Сондай-ақ 2024 жылдың соңына дейін эстакада бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары, оның ішінде рельстерді монтаждау және электрлендіру жұмыстары аяқталады. Бірінші іске қосу кешенін пайдалану кезеңінде қалған 10 станцияны қамтитын екінші іске қосу кешені бойынша жұмыстар қатар жүргізілетін болады.

LRT маршрутының жалпы ұзындығы 22,4 шақырымды құрайды. Жеңіл рельсті көлік құрылысы сәтті аяқталса, ол Астанадағы әуежай мен «Нұрлы жол» вокзалы байланыстырады әрі шаһардағы кеттеліс мәселесін шешеді деп жоспарлануда.

Демалыс күндері Астанада ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кезекті өңірлік жәрмеңкесі өтті. Бұл жолы елордалықтарға Алматы және Жетісу облыстарының шаруалары өз өнімдерін ұсынды.

АЛМАТЫ МЕН ЖЕТІСУ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жәрмеңке дәстүрлі түрде сенбі және жексенбі күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Өнер университетінің алдындағы алаңда өтті. Астана қаласы әкімдігінің Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаевтың айтуынша, екі облыс жеткізген өнімнің жалпы көлемі 400 тоннадан және 50 түрден асады.

– Бұл жолы жәрмеңкеге Алматы және Жетісу облыстарының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері келді. Олар елорда жұртшылығына ет, сүт, шұжық, балық өнімдері, қант, ұн, жарма, өсімдік және жануар майлары, көкөніс, жеміс-жидек, бал, ұлттық сусындар және т.б. өнімдерін ұсын-

ет өнімі – 22,5 тонна, сүт өнімі – 5,9 тонна, көкөніс өнімі – 22,9 тонна, балық өнімі – 2,5 тонна, жеміс-жидектер – 22 тонна, картоп – 21,6 тонна, бал – 1,8 тонна, өзге де өнім – 87,2 тонна.

Жетісу облысынан Талдықорған және Текелі қалалары, сондай-ақ 8 ауданның тауар өндірушілері қатысты. Бұл жолы ауыл шаруашылығы өндірушілері жалпы сомасы 500 млн теңгеге 214 тоннадан астам тауар әкелді. Олардың ішінде: ет өнімдері – 21,6 тонна, балық өнімдері – 7 тонна, сүт өнімдері – 14,3 тонна, картоп – 13,4 тонна, көкөніс өнімдері – 19,8 тонна, жеміс-жидектер – 8,1 тонна, өзге де өнімдер – 134,6 тонна.

Жәрмеңкеге келушілер де



ды. Бұл жәрмеңке облыстың ауыл шаруашылығы өндірушілеріне өз өнімдерін делдалсыз тікелей сатуға мүмкіндік берді, нәтижесінде ауыл шаруашылығы тауарларының бағасы нарықтық бағадан төмен болды. Астанада осындай өңірлік жәрмеңкелер жыл сайын өткізіледі. Дәстүрлі жәрмеңкелерге қатысқысы келетін шаруалар саны жыл өткен сайын артып келеді. Биыл өңірлерден 70 немесе одан да көп шаруалар келеді деп күтілуде. Сондықтан жәрмеңкелерге арналған орындар үлкен және бос болуы керек, сонымен қатар жүк көліктері үшін де, сатып алушылар үшін де ыңғайлы болуы керек, – деді Мақсат Жаңабаев.

Алматы облысының тауар өндірушілері елордада Қонаев қаласы мен облыстың 9 ауданының атынан қатысып, осы облыстың шаруалары жалпы сомасы 205,7 млн теңгеге 186,4 тонна ауыл шаруашылығы өнімін әкелді. Олардың арасында әдеттегідей көп болды. Солардың бірі бізбен әңгімесінде базарға бармай-ақ, үйінің қасынан күнделікті тұрмысқа керекті көкөністер мен жеміс-жидектерді осы жерден арзан бағаға сатып алып жүргенін жеткізді.

– Өзім осы маңда, «Өнер» университетінің ауданында тұрамын. Жеміс-жидек пен көкөніс сатып алу үшін енді орталық базарға бармайтын болдым. Бұл арзан әрі мен секілді тұрғындар үшін тиімді. Себебі мұнда азық-түліктің барлық түрі бар. Керегімнің бәрін осы жерден тауып, сатып алып жүрмін. Әрі мұнда баға да көңілге қонымды, үйдің қасындағы дүкендерге қарағанда әлдеқайда арзандау екен. Алысқа барып, базар аралап, аяқ талдырмайтын жақсы болды. Халықтың ақшасымен қоса уақытын да үнемдеуге мүмкіндік туғызып, осындай жәрмеңке ұйымдастырған әкімдіктерілерге алғыс айтамын, – деді елордалық Сайлауғұл Батырбекқызы.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

66 МЫҢ АДАМ АТСАЛЫСТЫ

Елордада «Жасыл Астана» экологиялық айлығы аясында жалпықалалық сенбілік өтті. Тазалық акциясына Астананың 66 мыңнан астам тұрғыны қатысты.

Жалпықалалық тазалық іс-шарасына бизнес өкілдері, кәсіпорындар, ұйымдар, оның ішінде «Қазақстан Ғарыш Сапары», «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ атсалысты. Коммуналдық сенбілік аясында 1240 жасыл желек отырғызылды. Сенбіліктер аясында бүгінге дейін ауданы 1 млн 360 мың шаршы метрден астам саябақтар мен алаңдар тазартылды. 108 бірлік тиеу техникасы және 215 бірлік жүк техникасы жұмылдырылды.

Алматы ауданы әкімдігінің Өндірістік техника бөлімінің бас маманы Нұрберген Нұрмұхамедтің айтуынша, биылғы сенбілік жылдағыдан ерекше.

– Бүгін Алматы ауданында

ұйымдастырылған сенбілікте 487 түп ағаш отырғызылды. Тазалық шарасына Астана қаласы мәслихатының депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, Ардагерлер кеңесі, «Астана қаласының Дін істері басқармасы» ММ және діни бірлестіктер өкілдері, «Қазақстан инженеринг» АҚ өкілдерінің, ҚМДБ қызметкерлері қатысты. Ағаш отырғызуға медицина ғылымдарының қызметкерлері, Қ.Қуанышбаев атындағы театр ұжымы, «Алтын домбыра» мектебінің қызметкерлері, аудан тұрғындары мен Алматы ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері, барлығы 300-ден астам адам қатысты, – деді Нұрберген Нұрмұхамед.

Экологиялық айлық аясында Алматы ауданы бойынша 900-ге жуық ағаш отырғызылды. Аудан аумағын осындағы терек, тал, үйеңкі, ұсақ және жалпақ жапырақты қарағаштар гүлдендіруде. Оған қоса, Ақбулақ өзенінің жағалауында тағы 100 ағаш еккен 150 адамның ішінде Мемлекеттік басқару академиясы және Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкілдері де бар. Қ.Сәтбаев көшесінде 50-ден астам, «София» тұрғын үй кешенінің аумағында үй тұрғындарының күшімен 30-дан астам және ауданның әртүрлі орындарында тағы 200 дана ағаш отырғызылды.

Жалпы, қалада тазалық акциясы басталғалы бері 2400-ден



астам жасыл желек отырғызылды. Астана қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына 108 тоннадан астам қалдық жиналып, тасымалданды.

Астана қаласы бойынша 2023 жылы барлығы миллион жасыл желек отырғызу жоспарланып отыр. Бұл жолы қылқан жапырақты ағаш түрлеріне

артықшылық беріледі.

«Жасыл Астана» дәстүрлі экологиялық айлығы 16 қыркүйектен 14 қазанға дейін жалғасады.

БИЗНЕСТІ БЕРЕКЕЛІ ЕТУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында бизнестің дамуын жеделдету маңызды екенін атап, шағын және орта бизнеске қолайлы жағдай қалыптастыруды тапсырды. Өйткені кәсіпкерліктің ахуалы қандай – халықтың әлеуметтік жағдайы да сондай. Әлемнің озық елдері осы принципке басымдық беріп, шағын және орта бизнесті дамытуға күш салады.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

ОЗЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ТІРЕГІ – БИЗНЕС

Әлемде бизнес жүргізуге ең ыңғайлы ел – Жаңа Зеландия. 2012 жылдан бері Тынық мұхитының оңтүстік-батысындағы шағын ел кәсіпкерлерге қолайлы жағдай қалыптастырып, осы салада көш бастап келеді. Бірнеше жыл бұрын фирма ашу үшін арнайы адвокат қызметіне жүгініп, кәсіпкерлікті құжаттандыруға бір апта уақыт кететін. Қазір интернет-платформа арқылы (companies.govt.nz) 1-3 сағат ішінде кәсіпкер атанады. Бастысы, іскерлік иммиграцияны дамытуда бюрократиялық кедергі мен мемлекеттің әкімшілік қысымын азайтуға мән берді. Бұл елдегі еркін нарықтық экономика, табысты жоғары деңгейі, өмір сүрудің оңтайлы жағдайы, құрылысқа рұқсатты тез ресімдеу, мүлкті тіркеу, кредит рәсімдеудегі ыңғайлылық бизнестің дамуына оң ықпал етті. Жаңа Зеландияда шетелдік іскер азаматтары жаңа компания ашып қана қоймай, дайын бизнес субъектісін сатып алып, акцияға немесе коммерциялық жылжымайтын мүлікке инвестиция сала алады.

Бизнеске ыңғайлы елдер санатына Сингапур, Гонконг, Дания, Корея, АҚШ, Грузия, Ұлыбритания, Норвегия, Швеция да жатады. Бұл қатардағы алдыңғы үш ел кәсіпкерлік саласын цифрландыруды ба- сымдық етті.

XX ғасырдың 60-90-жылдары Оңтүстік Корея бизнесті кезең-кезеңімен жоспарлы дамытты. 1966 жылы Корея үкіметі «Шағын және орта кәсіпкерлік туралы» заң қабылдап, бизнесті қолдаудың кешенді бағдарын айқындап, алдымен ірі корпорацияны дамытуға, сосын оларға сервистік қызмет көрсететін шағын және орта бизнесті қалыптастыруға мән берді. 1980 жылы бизнесті қорғау саясатын одан әрі нығайтып, арнайы бизнесті насихаттау жөніндегі мемлекеттік қор, шағын және орта бизнеске қолдау көрсететін ұзақмерзімді 10 жылдық бағдарлама қабылдады. Бағдарлама Кореяны әлемнің озық елдерінің қатарына қосуға мүмкіндік берді.

Әлемдік ЖІӨ-нің төрттен бір бөлігін қамтамасыз ететін АҚШ-тың экономикалық қуаты шағын және орта кәсіпкерлік саласымен тікелей байланысты. Шағын бизнес және кәсіпкерлік кеңесінің мәліметінше, Штаттарда 30,7 миллион шағын бизнес субъектінде 59,9 миллион адам жұмыс істейді. Жыл сайын кәсіпкерлік саласында 1,5 миллион жаңа жұмыс орны ашылады. Елде отбасы бизнесінің үлесі айтарлықтай. Мәселен, 1,2 миллион ерлі-зайыпты шағын бизнес субъектісін басқарады. Отбасы бизнесінің 30 пайызын екінші, үшінші ұрпағы меңгеріп кетеді. Бұл көрсеткіштен амери-

калықтардың өмірінде бизнестің қаншалықты терең мәнге ие екенін көруге болады.

Сарапшылар АҚШ-та бизнестің дамуына заң тегігі оң әсер етті дейді. 1890 жылы «Шерман актісі» монополияға қарсы күресте заңды негіз болса, 1953 жылы қабылданған «Шағын кәсіпкерлік туралы» заң кәсіпкерлердің мүддесін қорғады. Одан бөлек, «Адал бәсекелестік туралы», «Шағын кәсіпкерлікті инновациялау және дамыту туралы» заңдар саланың өркендеуіне септігін тигізді. Екіншіден, 1953 жылы Шағын кәсіпкерлікті басқару агенттігі құрылып, кәсіпкерлерді ақпараттық тұрғыда сүйемелдеуді жолға қойды. Үшіншіден, ғылыми-технологиялық тұрғыда қолдау білдірді. Төртіншіден, қаржыландыру көзін шешті. Бесіншіден, салық жеңілдігін қамтамасыз етті.

КСРО бұғауында болған Грузияны жаңа бағытқа бұрып, бизнеске қолайлы елдің қатарына қосуда Михаил Саакашвилидің еңбегі ерен. Жемқорлықпен күресіп, құқық қорғау саласын реформалап, бюрократиялық кедергілерді азайту арқылы шағын және орта бизнес саласын дамытуға жол ашты. Бүгінде Грузия әлемдік рейтингте 7-орында.

РЕЙТИНГТЕ 25-ОРЫНДАМЫЗ

Дүниежүзілік банк бизнеске қолайлы елдердің рейтингін саралағанда кәсіпкерлікті тіркеу, құрылысқа рұқсат алу, электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу, меншікті тіркеу, кредит алу, миноритарлық инвесторларды қорғау, салық салу, халықаралық сауда, келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету және төлем қабілетсіздігіне рұқсат беру критерийі бойынша бағалайды.

2016 жылы Қазақстан бизнеске қолайлы елдер рейтингінде 41-орында болса, 2017 жылы – 35, 2018 жылы – 36, 2019 жылы – 28, 2020 жылы 25-орыннан көрінді. Экономикалық зерттеулер институты бәсекелес ортаны зерттеу орталығының аға маманы Гүлназ Қасымбаеваның сөзінше, 2021 жылы Дүниежүзілік банк «Doing Business» рейтингін тоқтату туралы шешім қабылдады. Бұған есептеудегі қателіктер себеп.

– 2018-2019 жылы Қазақстан 10 бағыттың 3-еуінде жоғарылады. Кредит алу бойынша 25-орында (+35 позиция), кәсіпорынды бастау бойынша 22-орында (+14 позиция), электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу бойынша 67-орында (+9 позиция) болды. 2021 жылы бизнесті реттеуді жетілдіру мақсатында бизнесті жүргізудің жеңілдігі бойынша өңір мен қалалардың рейтингін өткізу жөніндегі әдістеме бекітілді.

Рейтинг ресми статистика мен кәсіпкерлер арасында жүргізілген сауалнама дерегіне негізделді, – деді Гүлназ Қасымбаева.

2017 жылы 24 қарашада экс-президент Нұрсұлтан Назарбаев «Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңір мен қалалар рейтингі» туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл құжат бизнесті ашуға және жүргізуге қолайлы жағдай қалыптастыру, бизнес үшін қаржының қолжетімділігі, бизнес субъектісінен түсетін салық аударымының көлемі және тағы басқа мәліметтер сараланды. Сөйтіп, 2018 және 2019 жылы бизнеске қолайлы климат туғызған қала және облыстардың рейтингі түзілді. Бұл бойынша бірінші жылы Қызылорда, екінші жылы Түркістан облысы көш бастады. 2021 жылы Шымкент қаласы, 2022 жылдың қорытындысымен Алматы қаласы үздік деп танылды.

Сол жылдары Қызылорда облысын басқарған Қырымбек Көшербаев «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жол картасын» қабылдап, қала, аудан, ауыл әкімдеріне жаңа жұмыс орындарын құру, салық базасын кеңейтуде мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік саласына қан жүгірді. Қаржыға қол жеткізе алмай жүрген қаншама азамат мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысуды тапсырды. Әрі облыстың актив жинадырында кәсіпкерлік субъектісі ашылмаған ауылдық округ әкімдерін есеп алып, жүйелі жұмыс істеуді талап ететін. Қадағалау салдарынан ауылды жерлерде мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік саласына қан жүгірді. Қаржыға қол жеткізе алмай жүрген қаншама азамат мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, жұмысын жандандырды.

Алайда ел бойынша жең ұшынан жалғасқан жемқорлық, бюрократиялық кедергілер бұл салаға қолбайлау болып тұр. Өр өңірде құрылған қайтарымсыз грант беретін комиссияның жұмысы ашық әрі жариялы болмау салдарынан тамыр-таныстықпен мәселе шешіліп, миллиондаған қаржы құмға сіңген судай берекесіз бағытталуда. Тіпті кейбір әулеттің мүшелері грантқа қол жеткізіп, бірі көлік, екіншісі ремонтқа жұмсап, бақылаусыз қаржының рахатын көруде.

Әлемнің көшбасшы елдеріндегідей кәсіпкерлік саласын өркін дамына кедергі болатын

жайттар жоқ емес. Мәселен, кәсіпкерлер үшін кредиттік бағдарламалар қолайлы болмай тұр. Мұны Президент билығы Жолдауында атап өтті. Оның басты себебі – екінші деңгейлі банктер бизнесті қолдауға құлықсыз. Әкімшілік қысым да бизнестегі жүйелі мәселенің бірі. Коммуналдық төлем түрлері, соның ішінде электр энергиясы тарифінің жоғары болуы – іскер азаматтарға қолбайлау. Құрылыс саласында табыс табатын кәсіпкерлерді мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу мерзімінің ұзақтығы алаңдатады.

Экономист Ләззат Жанмолданың сөзінше, Үкімет бизнесті дамытуға бағдарламалар қабылдап, қомақты қаржы қарастырғанмен, нәтижелі жұмыс көрінбейді.

– Үкімет шағын кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін арттыруда құқықтық және ұйымдастырушылық қабілетін шыңдап, салық және кредит-қаржы саясатын жеңілдетіп, жетілдіруі керек. Бизнес-инкубатор мен бизнес-акселератор санын көбейтіп, оларға тікелей қолдау көрсетіп, франчайзинг саласын дамытып, отандық өнімді қолдауы маңызды. Олай болмаса, отандық кәсіпкерлер шетелдің арзан тауарларына төтеп бере алмайды. Импортқа белгілі бір деңгейде шектеп немесе отандық өнім түрлерін субсидиялауды қарастырғаны дұрыс, – деді экономист Л.Жанмола.

Рас, шет елдердегідей кәсіпкерлікті қолдайтын заңдар мен бағдарламалар біздің елде аз емес. 2015 жылғы 29 қазанда кәсіпкерлер мен мемлекеттің өзара іс-қимылын реттейтін Кәсіпкерлік кодексі қолданысқа енді. Мерзімі біткен бағдарламаларды айтпағанның өзінде, 2021-2025 жылға арналған кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы мен «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы іске қосылды. Кәсіпкерлерді жөн-жосықсыз тексеруге мораторий жарияланды. Бұл бастамалар бизнес саласына дем бергенмен, кәсіпкерлердің шетелдің арзан тауарына бәсекелесуі қиын болып тұр. Бір мысал, отандық кәсіпкерлердің Ресей мен Беларусь ауыл шаруашылығы өнімдеріне баға тұрғысынан төтеп беруі қиын.



Елорда экономикасындағы кәсіпкерліктің үлесі 69 пайызды құрайды. Бұл дегеніміз – дамыған мемлекеттердің деңгейіндегі Қазақстан бойынша бұл көрсеткіш 30 пайызды құрайды. Жалпы Астанада 185 мың кәсіпорын болса, оның басым бөлігі – жеке кәсіпкерлік. 2022 жылы грант алу үшін 918 өтінім жіберіліп, 619,6 миллион теңгенің 135 жобасы іске асты

АСТАНА – БИЗНЕС ОРТАЛЫҒЫ

Елорда экономикасындағы кәсіпкерліктің үлесі 69 пайызды құрайды. Бұл дегеніміз – дамыған мемлекеттердің деңгейіндегі көрсеткіш. Қазақстан бойынша бұл көрсеткіш 30 пайызды құрайды. Ендеше Астана өзге өңірлерге шағын және орта бизнесті қолдап, дамыту жағынан үлгі.

Бас қалада кәсіпкерлік саласының ілгерілеуіне негіз болатын себептерді Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Ержан Балтаев былай түсіндірді: «Біріншіден, әлеуметтік инфрақұрылымның жетілуі

P.S: Әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілік критерийін есептегенде кәсіпкерлік саласының дамуын саралайды. Себебі кез келген дағдарысқа тез бейімделетін экономиканың қозғаушы күші – шағын және орта бизнес. Осыны ескерген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қайтадан бизнесті жүргізудің жеңілдігі бойынша өңірлердің рейтингін анықтап, әкімдердің қызметіне баға беруді тапсырды.

№114 (4547) 26/09/2023 Сейсенбі

Осы қыркүйек айында көрнекті жазушы, драматург, киносценарист, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлық пен Франц Кафка атындағы халықаралық әдеби сыйлықтың лауреаты, профессор Әкім Тарази 90 жастың төріне шықты. Қаламгер мерейтойы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен бас қалада кеңінен аталып өтіп, мерейтой шаралары бірнеше күнге жалғасты. Қазақ ұлттық өнер университеті Ұлттық академиялық кітапханада «Әкім Тарази әлемі: әдебиет, театр, кино және педагогика» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрында «Толғауы тоқсан Тарази» атты шығармашылық кеш өтті. Ал «Жастар» театрында Әкім Таразидің қаламынан туған «Жолы болғыш жігіт» драмасының премьерасы ұсынылды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ТҮРКИЯ ДА МОЙЫНДАЙДЫ

Қазақ ұлттық өнер университеті конференциядан бұрын Әкім Таразидің сценарийлері бойынша түсірілген «Арман – атаман», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қызжылаған», «Мұстафа Шоқай» көркем фильмдерінің көрсетілімі мен талқылауын өткізді. Ал халықаралық ғылыми-практикалық конференция тізгінін академик Дихан Қамзабекұлы ұстады. Жиында жазушының әдебиетке, театр мен киноға, педагогикаға қосқан үлкен үлесі туралы, адами болмысы, қайраткерлік келбеті жайында жан-жақты айтылды.

Атақты актер, театр режиссері, өнертану кандидаты, профессор, Театр қайраткерлері одағының төрағасы, Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тұңғышбай Жаманқұлов тебірене сөйлеп, Әкім Таразидің шығармаларымен мектеп жасында танысқанын айтып, қаламгердің кезінде қара шаңырақ – Мұхтар Әуезов театрында қойылған «Жолы болғыш жігіт» пьесасы қоғамның бар дергін алғаш рет батылдықпен айтқан, қанталап тұрған шығарма болғанын атап өтті.

Қазақ ұлттық өнер университетінің тәрбие жөніндегі проректоры Марат Нүкенов Мәдениет және ақпарат министрлігіне ризашылығын жеткізе отырып, осы оқу орнының ректоры Айман Мұсақожаеваның алғыс хатын тапсырды. Жазушы, драматург, публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елен Әлімжан Әкім Таразидің кейіпкерлеріне, қаламгер шығармаларының ерекшелігіне тоқталды. Жазушы, публицист, аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Любовь Шашкова, академик Шерубай Құрманбайұлы, жазушы, драматург, Өзбекстан Жазушылар одағының мүшесі Жавлон Жовлиев, жазушы-ғалым, PhD докторы, аудармашы, Қазақстан «Достық» орденінің иегері Ашур Әдемир, аудармашы, Мысырдағы Асуан университетінің профессоры Мұхаммед Рияд қатысып, баяндама жасады.

Конференцияға онлайн форматта да қонақтар қатысты. Жиын интернет арқылы еліміздің барлық кітапханалары мен шетелдерге таралды. Соның ішінде бауырлас Түркия елінде Әкім Таразидің шығармашылығын зерттеген ғалымдар бар екеніне көз жеткізді. Атап айтқанда, филология ғылымдарының докторы (PhD), Гази университетінің профессоры Жемиле Қынажы, Хажы Байрам Вели университетінің оқытушысы Ибрахим Атабей мен Анкара Хажы Байрам Вели университетінің магистранты Мелике Йыландил жылы лебізін жеткізді.

Конференция аясында шеберлік дәрістері, Қазақ ұлттық өнер университеті театр өнері және өнертану факультеті студенттері

ТОЛҒАУЫ ОҚСАН АРАЗИ

арасында «Тарази оқулары», «Әкім Таразидің драматургиядағы белестері» кітабының тұсаукесері, «Әкім Тарази әлемі» фотокөрмесі, «Тұлпардың ізі» фильмінің көрсетілімі ұйымдастырылды. Ал Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында Алматыдан арнайы келген М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры мерейтой иесінің қаламынан туған «Ақын, періште, махаббат» спектаклін (қоюшы режиссері – Әубәкір Рахимов) ұсынды.

ЖАҢАША ӨТКЕН КЕШ

Дәл осылай аталған шығармашылық кешті Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы ұйымдастырды. Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбек, Парламент депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, көрнекті қаламгердің шәкірттері мен оқырмандары қатысқан кеш

өлжа салып, ұлттық мәдениет пен кино өнерінің кең қанат жаюына сүбелі үлес қостыңыз. Көрікті ойдан нәр алып, кестелі сөзбен өрілген классикалық үлгідегі тартымды туындыларыңызда уақыт өлшемімен шексіз кеңістікке жаңа тұрғыда зер салатын философиялық ой-толғамыңыз өте көп. Қоғамға сыни көзқараспен қарап, замандастарыңыздың кескін-келбетін шынайы суреттеп, барша адамзатты толғандырған мәселелерге жұрт назарын аударып білдіңіз. Алдағы уақытта да халқыңыздың құрметі мен ыстық ықыласына бөленіп, ғибратты ғұмыр кеше беруіңізге тілектестігімізді білдіреміз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін!» делінген Президент құттықтауында.

Мәулен Әшімбаев өз тарапынан Әкім Таразидің қазақ әдебиетіндегі орны ерекше екенін айта келе, оның «Жаза», «Қиянат», «Шер», «Тасжарған» романдары ұлттық әдебиеттің алтын қорына қосылған құнды қазына екенін айтты. Қаламгер шығармаларының өміршеңдігіне тоқталып, келесі

қаламгердің басы қосылғаны белгілі. Кеш арқауы да әдебиет абызының шығармашылық лабораториясын ашуға, қаламгер қасиетін тануға жетелейтін екеуара диалогқа негізделді. Ерлі-зайыптылар бейнесін белгілі театр және кино актері Еркебұлан Дайыров пен Қаллеки театрының актрисасы Сая Тоқманғалиева сомдады. Осы театрдың Жанат Чайкина, Қуандық Қыстықбаев, Нұркен Өтеуілов, Жанқалдыбек Төленбаев сынды танымал әртістері қаламгер кейіпкерлерінің кейпіне енді. Кеш барысында «Махамбет», «Андрей», «Жолы болғыш жігіт» секілді шығармаларын үзінділер көрсетілді. Клара Төленбаева, Өзгеріс Шерікбай, Жақсыкелді Маясаров, Ардақ Балажанова сынды өңшілер мен күйші Нұркен Әшіров кешті ән-күймен көркемдеді. Қаллеки театрының фойесінде фото және қаламгердің қолжазбалары көрмесі ұйымдастырылды.

ЖАРТЫ ҒАСЫРДАН KEЙІН JAҢҒЫРДЫ

«Жолы болғыш жігіт» – Әкім Таразидің осыдан жарты ғасыр бұрын жазылған пьесасы. Содан бері бірнеше театрда сахналанды. Мұхтар Әуезов театрында шығарманың бас кейіпкері Асау Бөкенді талантты актер Әнуар Молдабеков сомдаған екен. Мұны конференцияда Тұңғышбай Жаманқұловтың аузынан естіген едік.

«Актердің шеберлігі де шығарманың салмағына сай келген еді. Спектакльдің соңына қарай кейіпкер әбден қыспаққа тірелген кезде, Әнуар Молдабековтың бада-на көзінен жас шығып, образды шынайы алып шықты. Дәл бір автордың жан азабын терең түсініп, жазған адамдай қиналғаны бар» деген еді сонда танымал әртіс.

Ал осы шығарманың премьерасын ұсынған Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» театры пьесаға қазіргі заманға сай өзгерістерді енгізіп, жаңаша сипатта жаңғыртты. Атап айтқанда, жаңашыл азамат Асау Бөкеннің тұтқындалатын жерін алып тастап, таланттардың, өз елінде теперіш көрген азаматтардың шетел асу мәселесін қозғады. Ал тұпнұсқадағы бюрократия, басшылардың «өзім білемдікке» салынып, белден басуы қазіргі заманда да бар. Спектакльдің қоюшы режиссер Нұрфат Вахитовтың қолтаңбасында қалай шыққанын көрермен 29-30 қыркүйек күндері де көре алады. Алдағы демалыс күндері қойылым жұрт назарына тағы ұсынылады.



жазушының жан дүниесін тануға, шығармашылығына үңілуге негізделді.

Кеш шымылдығын ашып берген Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев қаламгердің тойы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тойы екенін атап өтіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын оқып берді.

«Халқымыз өзіңізді кемел ойлы, аса көрнекті қаламгер, дарынды драматург, ғажайып еңбегімен, асыл қасиетімен абыройға бөленген қоғам қайраткері ретінде жақсы біледі және құрметтейді. Еңбек жолыңызда отандық әдебиеттің алтын қорына қомақты

ҚАЙТАЛАП ОҚИТЫН ҚАЛАМГЕР

Жазушы Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына орай Ұлттық музейде өткен «Жасын ғұмыр жазушы» атты әдеби кеш тағылым-тәлімімен есте қалды. Іс-шараға жазушының қарындасы Ғалия Бөкейқызы және зиялылар, әдебиеттанушылар қатысты.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Басқосуда қалалық әдістемелік орталығының қызметкерлері, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушылары мен студенттері, №55, 69, 72 және 73 мектептің ұстаздары мен оқушылары белсенді араласып отырды.

Әдеби кеште жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған деректі фильмнен үзінді көрсетілді. Онда ақын-жазушылар Әбіш Кекілбаев, Дулат Исабеков, Кәдірбек Сегізбаев, Әшірбек Сығай және Жүрсін Ерманның ой-пікірі Оралхан Бөкейдің тұлғалық, азаматтық болмыс-бітімін аша түсті.

бұрын мінезді жазушы, қайратты қаламгер еді. Ол құмға мінез бітіріп, құмды әнші, күйші етіп, оның қуанышы мен мұңын суреттеп, қоғамның бетбұрысын айна-қатесіз келтіретін. Міне, Оралхан Бөкейдің артықшылығы – осында. Жазушы әділетсіздікті жанымен қаламайды. Мәселен, өзінің «Құмның мінезі» повесінде бір совхоздың екі шопаны Бархан мен Сейітқұл арқылы кеңес қоғамындағы кемшілікті бетке басады. Мәселен, Бархан әділетсіздікке ұшырап, жылда-жылда совхоз малын өсірген үстіне өсіре берсе де, тым болмаса аудандық газетте бір аты аталмайды. Ал Сейітқұл жылда бұдан жылу сұрап, қозысына қозы қосып алады да, озат шопан атанып, республикалық газеттердің бетінен түспей-



Кешке арнайы шақырылған қонақ Ғалия Бөкейқызы ағасы Оралхан Бөкейдің туған жеріне деген махаббаты, әдеби кітаптарды көп оқығаны, ерекше есте сақтау қабілеті туралы айтып берді. Ағасы екеуінің арасындағы қарым-қатынасы және бала Оралханның арман-мұраты туралы сыр шертті.

Келесі кезекте Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Топжарған» клубының жетекшісі, жас ақын Алтынай Әбдіш жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің көркем туындыларын оқитын жастардың қатары көп екенін және оқыған-тоқығанын бірте талдайтынын сөз етті. Әрі қарай клуб мүшелері арнау өлеңдері мен монологтарын оқып, өнерін ортаға салды.

Астана қаласы №72, 73 мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері жазушының шығармалары туралы ойларымен бөлісіп, өскелең ұрпақты әдеби шығармаларды жиі оқуға шақырды.

– Оралхан Бөкей көркем сөз өнерінің хас шебері еді. Бәрінен

дәл осылайша, жазушы Оралхан Бөкей қолдан «герой» жасаудың зияны мен залалын астарлап, ақиқатын жазады, – деді №73 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сандуғаш Серігзаева.

Иә, Оралхан Бөкей – шебер жазушы, сұңғыла суретші болмысымен өзгелерден ерек, өзгелерден бөлек. Жазушы Шерхан Мұртаза: «Мен алпысқа толғанда, Оралхан маған арнап екі-ақ абзац сөз жазды. Бірақ сол екі ауыз сөзге ол ширек ғасыр бірге болған ғұмырымызды сыйдырып жіберді» дегені осы сөзімізге дәлел болады.

Іс-шара барысында музейдегі «Кескіндеме және графика» үйірме сабағына қатысушы оқушылар Оралхан Бөкей еңбектерінің сюжетіне негізделген суреттер салды.

Әдеби кештен түйгеніміз, Оралхан Бөкей – бір оқылатын жазушы емес, қайталап оқуды қажет ететін қаламгер, түсінгеніңше оқи беретін күрделі суреткер. Иә, жазушы Дулат Исабеков дәл осылай баға берген еді ғой!

АЛҒАШҚЫ МЕДАЛЬДАР СЫҢҒЫРЫ

Қытайдың Ханчжоу қаласында XIX Азия ойындары байрағын көтерді. Бұл бәсекеде 45 елдің 12 мыңнан аса атлеті спорттың 40 түрінен сынға түседі. Қазақстан намысын 524 спортшы қорғайды.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Азиаданың алғашқы екі күнінде 134 медаль сарапқа салынып, оның 42-сін Қытай спортшылары (26 алтын, 11 күміс, 5 қола медаль) еншілеп, командалық есепте көш бастады. Оңтүстік Корея 5 алтын, 5 күміс және 6 қола медальмен екінші орында тұр. Үшінші сатыға жайғасқан Жапония сапында 3 алтын, 9 күміс, 6 қола медаль бар. Көрші Өзбекстан спортшылары 3 алтын, 4 күміс, 3 қола медаль еншілеп, жалпыкомандалық есепте төртінші орыннан көрінді.

Ел намысын 48 келі салмақ дәрежесінде қорғаған дзюдошы Абиба Абужақынова, 60 келіде белдескен Мағжан Шамшидин, 63 келідегі Эсмигуль Қулова мен 81 келідегі Абылайхан Жұбаназар, тапаншамен оқ ағудан Никита Чирюкин қола жүлдегер атанды. Әзірге Қазақстан 1 күміс, 4 қола медальмен 10-орында тұр. Бұл жарыстың екінші күнінің нәтижесі екенін ескерсек, әлі талай рет өзгеретіні хақ.

2018 жылы Индонезияда өткен Азия ойындарында қазақстандық спортшылар



15 алтын медальды ескек есу, көркем гимнастика, джиу-джитсу, самбо, велосипед, жеңіл атлетика, карате және семсерлесуден алды. Бұл жолы да осы спорт түрлеріне сенім артамыз. Сондай-ақ балуандар, боксшылар мен ауыр атлеттерден де алтын медаль күтеміз.

Жалпыкомандалық есепте төртінші орын алуға барлық мүмкіндік бар деп ойлаймыз. Өйткені Қазақстан бір емес, бірнеше рет төрттіктен көрінген еді. Біздің алдын ала болжамымыз осындай. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демей ме, жақсылықты шақыра берейік!

ОТБАСЫЛАР ЖҮГІРІП ЖАРЫСТЫ



Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен отбасы дуатлонына 60-тан аса отбасы қатысты. Триатлон саябағында, қатысушылардан бөлек, жанкүйерлер де көп болды.

Сайыстың ашылу салтанатына Спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Ал жарыстың бас төрешісі Дәулет Хамзин жарыс ережесімен таныстырды. Сонымен қатар шара аясында велосипедке мінген ата-аналар мен балалар фитнес жаттықтырушылардың жетекшілігімен жаттығу жасап, жарыс алдында бір ширап алды.

Еңсеретін қашықтықтың жалпы ұзындығы 4,4 шақырымды

құрады. Жарыс екі спорт түрінен үш қашықтықта өткізілді.

Балалары 8-9 жас аралығындағы отбасылар арасында Вишнековтер бәрінен озса, 10-11 жас аралығында Пономаревтер отбасына тең болатындар табылмады. Ал 12-13 жас аралығында Толтебаевтар отбасы бірінші орын алды.

Жеңімпаздарды марапаттау және құттықтау салтанаты лотерея ұтысымен жалғасты. Яғни жарысқа қатысушылар арасында ойнатылды.

ЧЕМПИОНДАР АУЛА СПОРТЫНАН ШЫҒАДЫ

Елордада аула командалары арасындағы «Дені саудың – жаны сау» атты шағын футбол турнирі мәресіне жетті. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен жарысты қалалық Полиция департаментінің Есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасы ұйымдастырды. Жарысқа 25 аула командасы қатысты.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Жасөспірімдер арасындағы футбол турнирінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімінде Астана қаласы ПД Есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасының өкілі Ғалия Қымбатқызы жарысқа қатысушыларды жеңісімен құттықтап, денсаулықтың жақсы болуы, зиянды әдеттерден аулақ болудың бірден-бір жолы спортпен айналысу екенін атап өтті.

Астана қаласы Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп-лицейі дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Қайрат Қошанов жарыс жайлы пікірін айтты.

«Осындай жарыстардың жиі өткені жасөспірімдердің бос уақытын пайдалы әрі тиімді өткізуге ықпал етеді. Негізі, чемпиондар осындай аула спортынан шығады деп ойлаймын. Қазіргі кезде есірткіге құмарлық деген проблеманың бар екені жасырын емес. Ал бүгінгі жарысты ұйымдастырушылар есірткі қылмысымен күрес жүргізетін мекеме болғандықтан, олардың қоғамның кеселімен спорт арқылы күрес жүргізіп отырғанына алғысымызды ғана айтамыз. Ал жарыс туралы айтсам, өзім бастап келген мектептің аула коман-

дасы ересек балалар арасындағы турнирде жеңімпаз атанды» дейді шәкірттерінің жеңісіне қуанған мұғалім.

«Дені саудың – жаны сау» футбол турнирінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері: жасөспірімдер арасында 1-орын – №64 мектеп-лицейдің аула командасы; 2-орын – №71 мектеп-лицейдің аула командасы; 3-орын – №7 мектеп-гим-

назия және №74 мектеп-гимназияның аула командалары.

Ал ересек жасөспірімдер арасындағы жарыста №88 мектеп-лицейдің аула командасы топ жарды.

Жүлдегер атанған командаларға диплом, медаль және кубок табыс етілді. Сондай-ақ бірнеше қатысушы түрлі номинация бойынша арнайы сыйлықтармен марапатталды.



Жуырда «Elorda Aqparat» медиакомпаниясы қалалық Білім басқармасымен бірлесіп іске асырған «Мектеп және медиасауаттылық» атты жоба аясында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейдің мұғалімдерімен және оқушыларымен жүздестік.

БОЛАШАҚ ТІЛШІЛЕРМЕН ЖҮЗДЕСКЕН КҮН

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Салтанатты залдағы жиынға дейін мектептегі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының музейін араладық. Музейде Ахаңның өмірбаяны, ұлттың бүгінгі мен келешегіне арнап өзінің жазған шығарма-

рымыздан кейін сұрақтарын қарша боратты.

Әсіресе Әлиханнның «Журналист қауіпті мамандыққа жата ма? Сіздерге мамандыққа қатысты қауіп төнген кездер болды ма?» деген сауалы, Жігердің «Журналист болуды қалай армандау керек? Тілші болуға жастайыңнан қалай дайындалуға болады? Болашақ



лары, А.Байтұрсынұлы туралы алаштанушы ғалымдардың, эшерттеушілердің шығарған туындылары, музейге сыйлыққа жиналған құнды экспонаттар бар. Алайда Ахаң туралы оқушыларға атаулы күндерде ғана мәлімет беріліп, арнайы курс я болмаса пән ретінде оқытылмайтынын тарихшы мұғалімнің аузынан естідік. Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, ұлтқа тигізген пайдасы туралы ғалымдар, мұрасын зерттеушілер кем дегенде айына 1-2 рет дәріс оқыса, Алаштың идеясы мен ұстанымын біліп, өскен ұрпағымыз ояу, білімді, саналы болар еді деген оймен акт залына беттедік.

Біздің топты «Elorda Aqparat» медиахолдингі директорының орынбасары Рауан Сәбитұлы бастап барды. «Astana aqshamy» газетінің 3 бірдей қызметкері – газет қатері Шынар Жақыпова, фототілшіміз Сұлтанбай Сейіт және осы жолдардың авторы жарқын жүзесудің куәсі болдық. Акт залындағы кездесуде Рауан Сәбитұлы оқушыларға ақпарат деген не, оны қалай іздеу керек, әр адамның медиасауаттылыққа дұрыс назар аударуы, әлеуметтік желілерден ақпарат алып, оны пайдалану сияқты балаларға қызықты сұрақтарға тұшымды жауап берді. Бір таңғалғанымыз, әуелде әңгімеге араласпай отырған балалар біздің жаңа медиа, әлеуметтік желілердегі алуан түрлі ақпарат, журналист мамандығының қыр-сыры, газеттің оқырманға көрінбейтін «кухнясы», қағаз газеттердің саны, мамандық таңдауда қателеспеу деген жауапта-

тілшіге қажетті үш кітапты атап берізіші...» деген сауалы өз құрбы-құрдастарының да, біздің де көңілдізден шықты. Айдаана есімді оқушының «Журналист пен блогердің қайсысы беделді, қайсысы мықты? Сауатты ақпаратты кім бірінші таратады?» деген сұрағына да ризашылық білдіріп, мамандық таңдауда қателеспеудің жолдарын айттық. Ең үздік сұрақ қойған болашақ тілшілерге «Аласапыран Америка» атты кітабымыз қолтабамен сыйға тарттым. Кездесудің басында бір бала ғана журналистика мамандығына тандау жасаймын деп отыр еді, соңынан 10-ға жуық бала біздің кәсібімізге қызығушылық танытып, ойын өзгертті. Бір байқағанымыз, жоғары сынып оқушыларының өзі мамандық таңдауды 11-сыныпқа қалдыратыны қынжылтты.

Сондай-ақ Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №56 мектеп-лицейде де мағыналы кездесу өтті. Онда «Астана ақшамы» газеті бас редакторының орынбасары Ғалым Қожабеков, журналистер Гүлбаршын Өкешқызы мен қатергер Әмір Досқожин кездесуге жиналған мұғалімдер мен жоғары сынып оқушыларына қоғамдағы баспасөздің маңызы, медиасауаттылық жөнінде әңгімелеп берді. Шығармашылық қабілеті бар оқушыларға қолдау білдіретінін жеткізді. Мектеп директоры Роман Фазылұлы журналистерге мектептің тыныс-тіршілігін таныстырып, шығармашылық байланыс орнатуда ықыласты екенін білдірді.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №114

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ